

**Ақбұлақ және Жібек-жолы ауыл округі аумақтарында уақ малдармен адамдарға ортақ бруцеллез ауруына қарсы шектеу іс-шараларын енгізе отырып карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 12 ақпандағы N 139 Қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 15 наурызда N 14-10-133 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 8 қарашадағы N 989 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 2010.11.08 N 989 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабы, 1-тармағының 18 тармақшасына, Қазақстан Республикасының «Ветеринария туралы» Заңының 10 бабы, 2 тармағының 9 тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылдың 28 сәуіріндегі «Ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық кесімдерді бекіту туралы» № 407 Қаулысына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2004 жылғы 5 қарашадағы «Адам және жануарлар үшін ортақ (бруцеллез) аурулардың алдын - алу және күресу жөніндегі ветеринариялық-санитарлық және санитарлық-эпидемиологиялық ережені бекіту туралы» № 632 бұйрығына сәйкес Сайрам ауданының бас мемлекеттік ветеринарлық инспекторының 2010 жылғы 21 қаңтардағы № 1-14/29 ұсынысы негізінде, Ақбұлақ және Жібек-жолы ауыл округі аумақтарында уақ малдармен адамдарға ортақ бруцеллез ауруының таралуын алдын алу мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сайрам ауданының Ақбұлақ және Жібек-жолы ауыл округі аумақтарында уақ малдармен адамдарға ортақ бруцеллез ауруының тіркелуіне байланысты шектеу іс-шараларын енгізе отырып карантин аймағының ветеринариялық режимі белгіленсін.

2. Сайрам аудандық ветеринариялық бөлімі (Е.Оспанов) Ақбұлақ және Жібек-жолы ауыл округінің ветеринариялық инспекторларымен бірлесіп:

1) бруцеллез ауруы ошақтарында залалсыздандыру жұмыстарын және бруцеллез ауруына қарсы ветеринариялық іс-шаралардың уақтысында жүргізілуін қамтамасыз етсін;

2) бруцеллез ауруы ошақтары орналасқан елді мекендерде халық арасында

бруцеллез ауруының қаупі және оның алдын алу шаралары туралы түсіндірме  
жұмыстарын жүргізсін.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі агроөнеркәсіп кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Сайрам аудандық аумақтық инспекциясына (М.Есболаев-келісімі бойынша) және Сайрам ауданы бойынша мемлекеттік санитариялық эпидемиологиялық қадағалау басқарамасына (А. Ахметов - келісім бойынша) «Адам және жануарлар үшін ортақ (бруцеллез) ауруларды алдын-алу және күресу жөніндегі ветеринариялық-санитарлық және санитарлық-эпидемиологиялық ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2004 жылғы 5 қарашадағы № 632 бұйрығына (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3252 болып тіркелген) сәйкес тиісті шараларды қабылдау, бруцеллез ауруы ошақтарында залалсыздандыру жұмыстарын және бруцеллез ауруына қарсы ветеринариялық және санитариялық-ағартушылық іс-шараларының уақытысында сапалы жүргізілуіне бақылау қою ұсынылсын.

4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.Сапарбаевқа жүктелсін.

*Аудан әкімі*

*М. Әлі*

*К Е Л І С І Л Д І :*

*Қазақстан Республикасы Ауыл*

*шаруашылығы министрлігі*

*Агроөнеркәсіптік кешендегі*

*мемлекеттік инспекция комитетінің*

*Сайрам аудандық аумақтық*

*инспекциясының бастығы*

*Есболаев Молдабек*

*12.02.2010 жыл*

*Сайрам ауданы бойынша мемлекеттік*

*санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау*

*басқармасының бастығы*

*Ахметов Алдаркүл Райымкүлұлы*

*12.02.2010 жыл*